



Қарқаралы

Газет 1930 жылдың 7 қарашасынан шығады

1 қараша 2025 жыл Сенбі №43 (12 045)

<https://qarqaralygazeti.kz>

www.facebook.com/qarqaralygazeti/

[qarqaraly_gazeti](https://www.instagram.com/qarqaraly_gazeti)

karkaraly_too@mail.ru

Мереке шуағы

Қыран елім – Қазақстаным!



Қарқаралы қаласының мәдени-сауық орталығында еліміздің ең ұлық мерекелерінің бірі – Қазақстан Республикасы күніне арналған «Қыран елім – Қазақстаным!» атты салтанатты шара жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Мерекелік жиынға аудан басшылығы, ардагерлер, еңбек озаттары, ұстаздар мен дәрігерлер, мәдениет және спорт саласының қызметкерлері, жастар мен қала тұрғындары қатысты. Сахна безендіріліп, LED экранда көк байрағымыздың желбіреген бейнесі бейнеленіп тұрды. Көрермен залы патриоттық әндер мен күй әуеніне бөленді.

Фанфар үнімен сахнаға жүргізушілер шығып, көпшілікке мерекелік құттықтауларын арнады. – «Қайырлы күн, құрметті Қарқаралы ауданының тұрғындары мен қонақтары! Егемен еліміздің еңсесін көтеріп, тәуелсіздіктің туын биікке қадаған баршаңызға Республика күні құтты болсын!» – деген жүрекжарды тілдермен мереке басталды.

Салтанатты жиын Қазақстан Республикасының Әнұранымен ашылды. Көк туымыз бейнеленген бейнежазба экраннан көрсетіліп, залдағы жұрт мерекелік рухқа бөленді.

Жиында сөз алған Қарқаралы ауданы әкімінің міндетін атқарушы Саят Қабиденұлы Мусин аудан тұрғындарын мерекемен құттықтап, елдің дамуына елеулі үлес қосқан азаматтарға алғыс білдірді.

– «Бүгінгі тәуелсіз еліміздің әрбір жетістігінде сіздердің еңбектеріңіз бар. Еліміздің ертеңі – берекелі бірлікте, отансүйгіш ұрпақта. Республика күні – азаттығымыздың айғағы, мемлекетіміздің мәртебесі. Баршаңызға денсаулық, отбасы амандығын тілеймін!» – деді аудан басшысы.

Содан соң еліміздің әлеуметтік-

экономикалық және мәдени дамуына қосқан үлестері үшін бірқатар азаматтар марапатталды.

Қарағанды облысы әкімінің «Құрмет грамотасымен» «Азаматтарға арналған үкімет» Қарағанды облысы бойынша филиалының Қарқаралы аудандық халыққа қызмет көрсету бөлімінің басшысы Дания Халилқызы Болатова, жеке кәсіпкер Бақытгүл Тоқшқызы Абдуллина марапатталды.

Облыс әкімінің «Алғыс хатымен» тоғызқұмалақ спортының үздігі, республикалық жарыстардың жүлдегері, мүмкіндігі шектеулі спортшылар құрамасының мүшесі Дастан Берікұлы Үмітқалиев марапатталды.

Ал Қарқаралы ауданы әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттары ауданның түрлі саласында еңбек етіп жүрген азаматтарға табысталды. Олардың қатарында мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің экономисі Қырмызы Серікқызы Жолдасбаева, орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің әдіскері Маржан Жақыпқызы Жолтай, мемлекеттік архив қызметкері Қызғалдақ Қазбекқызы Садуақасова және басқа да еңбек майталмандары бар.

Мерекелік марапат иелері сахнада естелік суретке түсіп, зал толы көрерменнің ыстық қошеметіне бөленді.

Шара барысында аудандық мәслихат төрағасы Саят Қайратұлы Оспанов та сөз сөйлеп, ардагер ұстаздар мен еңбек ардагерлерін марапаттады.

Мерекенің екінші бөлігі аудан өнерпаздарының қатысуымен өткен концерттік бағдарламаға ұласты.

Сахна сыртынан отаншылдық рухқа толы өлең жолдары оқылып, «Салтанат» халықтық ән-би ансамблі мен «Аңыз» үлгілі хореографиялық би тобының орындауындағы музыкалық нөмірлер көрермен ықыласына бөленді.

Шара барысында Шолпан Қорғанбек «Көк түріктер» әнін орындап, Тоғжан Жахин «Бабалар мекені – Алтай» әнімен сахнаны тербеді. Сондай-ақ, Бақытжан Үйсінбаев, Еркебұлан Уалханов, Динара Ахметжанова, Аида Әбілқасымова, Нұрсұлтан Қасымбек сынды аудан өнерпаздары туған елге деген сүйіспеншілікті жырлаған әсем әндерін тарту етті.

Құрманғазының әйгілі «Адай» күйі мен халық әндері – «Ай қарақөз», «Құралай», «Ахау керім» көрерменге ерекше әсер қалдырды. Концерт соңында «Салтанат» ансамблі орындаған «Атамекен» әні мен би композициясы мерекенің мәнін айшықтай түсті.

«Қыран елім – Қазақстаным!» атты мерекелік жиын қазақ халқының рухын көтеріп, елдіктің, бірліктің мерекесіне айналды. Сахна төрінде қырандай қалықтаған ән мен күй, жыр мен би – азаттығымыздың символындай әсер қалдырды.

Мереке соңында жүргізуші елімізге амандық, аспанымызға ашықтық тілей отырып, бағдарламаны қорытындылады: «Ерлігіміздің, елдігіміздің белгісі – Тәуелсіздік! Көк туымыз мәңгі желбіреп, қыран еліміз биік самғай берсін!».

«Қарқаралы ауданы әкімінің аппараты» ММ тапсырысымен

Кітапханашылар күні

Ш.Жандарбекова атындағы мәдени-сауық орталығының фойесінде ерекше рухани мәні бар мереке – Кітапханашылар күніне арналған салтанатты жиын өтті. Руханият пен парасатты серік еткен жандардың кәсіби мерекесіне арналған шараға аудан әкімдігі, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қызметкерлері, ауылдық кітапханалардың кітапханашылары мен ардагерлері қатысты.

Руханият майталмандарының еңбегі еленді



Жиынды жүргізген Арайлым Құснид-тенова қатысушыларды мерейлі күнмен құттықтап, кітап пен кітапхананың адамзат өркениетіндегі айрықша орнын атап өтті.

«Кітапхана – рухани өміріміздің өзегі. Ал оның жүрегі – кітапханашы. Олар – ұлттың мәдени мұрасын сақтап, білім мен ізгілікті келер ұрпаққа жеткізуші жандар. 2022 жылғы 18 қазандағы ҚР Үкіметінің №833 қаулысымен 24 қазан – Кітапханашылар күні ретінде ресми түрде бекітілген болатын. Бұл мереке – тек кәсіби кітапханашылардың ғана емес, кітапты қадірлейтін барша оқырманның да мейрамы», – деді жүргізуші өз сөзінде.

Мерекелік жиында аудан әкімінің орынбасары Айдар Рымбайұлы Сатыбалдин сөз алып, кітапхана саласының қоғам дамуындағы рөліне тоқталды.

«Кітапханашылар – халықтың мәдени, рухани өмірін байытып, елдің келешегіне қызмет етіп жүрген жандар. Сіздердің еңбектеріңіз арқылы білім мен парасат, тарих пен тағылым ұрпаққа жол тартады», – деді ол өз құттықтауында.

Осыдан соң кітапхана саласының үздік қызметкерлерін марапаттау рәсімі өтті. Қарқаралы ауданы әкімінің «Құрмет грамотасы» Уалиева Зәпия Уәлиқызына, ардагер кітапханашылар Мұсатаева Раушан Жакияқызы мен Нұрғалиева Бану Нұрғалиқызына табыс етілді. Сондай-ақ аудан әкімінің «Алғыс хатымен» ардагерлер Раимбекова Нұрбану Рахимбайқызы мен Омарбаева Зухра Қаблақатқызы марапатталды.

Сонымен қатар, ауылдық кітапханалардың белсенді қызметкерлері – Қауашова Жұмақұл Абдиханқызы (Тоғар а/о), Жұманбаева Гүлбаршын Аманқызы (Балқантау а/о), Ботабекова Бақыт Рымбекқызы (Абай а/о) және Рахимова Зүлфия Алпабергенқызы (Ақтасты а/о) аудан әкімінің Алғыс хаттары және сыйақыларымен марапатталды.

Марапаттау рәсімін одан әрі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Исакова Жазира Қапышқызы жалғастырды. Ол өз сөзінде кітапханашылар қауымына алғыс айтып, мәдениет саласындағы адал еңбек пен тұрақтылықты ерекше атап өтті.

Бөлімнің Алғыс хаттарымен бірқатар

ардагерлер мен ауыл кітапханашылары марапатталды. Атап айтқанда, Омарбекова Несібала Қапиятқызы, Біләлова Қарлығаш Зейнекпарқызы, Ахмолдина Гүлзайра Телеуқызы, Сағатова Гүлнар Мағжанқызы, Күмісбаева Рымбала Темірбекқызы, Оспанқұлова Бибігүл Зейтінқызы, Керімбаева Нұрбану Келдібекқызы сынды ардагерлерге құрмет көрсетілді.

«Жұмысшылар жылы» аясында бөлімнің Алғыс хаттары және сыйақылары балалар кітапханасының күзетшісі Абдіманов Мейрам Арғынұлына, Бастал ауылдық кітапханасының кітапханашысы Жұмаділова Мая Қорабайқызына, Егіндібұлақ ауылдық кітапханасының кітапханашысы Оспанова Еркегүл Сайлауқызына, Көктас ауылдық кітапханасының кітапханашысы Шөкәрім Салтанат Болатқызына табысталды.

Жиын барысында Қарқаралы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі кәсіподақ ұйымының төрайымы Исакова Алтынай Шырақбайқызы Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлері кәсіподағының Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарын табыс етті. Осы марапаттарға Абдіманов Мейрам Арғынұлы, Бөдешова Майгүл Ақынқызы, Олжабаева Замзагүл Серікжанқызы, Қасымбекова Қазипа Кинашқызы, Аймуханова Сандұғаш Нұр-тазаққызы, Аринова Гүлжанат Амантайқызы, Қаржаубаева Альфия Азарбекқызы сынды еңбеккерлер ие болды.

Жиын барысында жергілікті өнерпаздардың орындауындағы музыкалық нөмірлер көрермен көңілін көтеріп, мерекенің сәнін кіргізді. Шара соңында барлық қатысушылар естелік суретке түсіп, бір-біріне жылы лебіздерін білдірді.

Кітапханашылар күні – қоғамның рухани тірегі саналатын мамандық иелерінің еңбегін дәріптейтін күн. Кітапхана – білім мен парасаттың ордасы болса, кітапханашы – сол қазынаның жанашыры, мәдениет пен руханияттың мәңгілік шамшырағы.

«Қарқаралы ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ тапсырысымен

Ауылым – алтын бесігім

Ақтерек ауылы сапалы ауызсумен қамтамасыз етілуде

Қарағанды облысында мемлекетке қайтарылған активтер тұрғындарды сапалы ауызсумен қамтамасыз етуге бағытталған маңызды жобаларды қаржыландыруда.

Арнайы мемлекеттік қордан бөлінген 5 миллиард теңгеден астам қаражат өңірдегі су құбырлары мен сумен жабдықтау желілерін жаңартуға және салуға жұмсалуда.



Аудандық қоғамдық-саяси газет

Қарқаралы

БАСПАСӨЗ – 2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қарқаралы аудандық «Қарқаралы» газетіне 2026 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ 87755483523 whatsapp бойынша ресімдеуге болады.

Анықтама телефоны: 8-775-548-3523

Индекс	Санаттар	Жазылу бағасы
65626	Жеке жазылушылар үшін	6 ай – 3485.76 тг 12 ай – 6971.52 тг
55626	Зейнеткерлер үшін	6 ай – 3065.76 тг 12 ай – 6131.52 тг
15626	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай – 4385.76 тг 12 ай – 8771.52 тг

Әлеуметтік сала қызметкерлер күні

Жанашыр жандар мерекесі



Қарқаралы ауданында әлеуметтік сала қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында салтанатты жиын өтті. Мерекелік кешті ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ұйымдастырып, жиналғандарды бөлім басшысы Дулат Бөкенұлы құттықтады.

Елімізде қазан айының соңғы жексенбісі әлеуметтік сала қызметкерлерінің мерекесі күні болып бекітілген.

Аталған жүйе қызметкерлері еліміз Тәуелсіздік алған алғашқы күннен бастап, халыққа және қамқорлықты қажет ететін жандарға қалтықсыз қызмет етуде. Бұл кәсіби мереке осы жылдар ішінде тек ресми шара ғана емес, мейірім мен шапағат мейрамына, игі дәстүрге айналды. Бүгінгі таңда халықты әлеуметтік қорғау жүйесі жетілдіріліп келеді. Әлеуметтік қызмет көрсету мекемелерінің саны артып, мұқтаж жандарға әртүрлі көмектер көрсетілуде.

Сала қызметкерлерінің қажырлы еңбектері еліміздегі әлеуметтік саясатты оңтайлы жүзеге асыруға мүмкіндік беруде. Бұл да адам құқықтары мен қоғамдық тұрақтылықтың сақталуының бір көрінісі.

Аталған саланың басты құндылығы – кәсіби деңгейі жоғары, адамгершілік ізгі қасиеттерді бойына сіңіре білген қызметкерлердің көмекке зәру қарттарға,

жетімдер мен мүгедектерге қол ұшын созуға әрқашан әзір болуы.

Осы орайда Қарқаралы ауданында әлеуметтік сала қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде жиын өтіп, бөлім басшысы Дулат Бақтияров құттықтады. Құттықтау сөзінде бөлім басшысы мамандарды қажырлы еңбектері үшін алғыс білдіре отырып, сала мамандарының қажырлы еңбектерінің арқасында өмірлік қиын жағдайға душар болған азаматтарды әркезде қажетті қолдау жасау керектігін айтып, айналасынан жәрдем күткен азаматтардың қайғысы мен қиындығын бөлісіп, бірге жеңуге аянбай еңбек етіп жүрген әрбірінің құрметке лайық екендерін айтты.

Кәсіби мерекеге орай бірқатар мамандар марапатталды. Атап айтқанда Қарқаралы ауданы әкімінің Алғыс хатымен «Инватакси» қызметін көрсетуші Әбжат Темірлан, «Жалғыз басты қарттар

мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесінің» әлеуметтік қызметкерлері Абеуова Нагима, Омирбекова Алтынай және Қарқаралы ауданы әкімінің мүгедектер ісі жөніндегі кеңесшісі, бөлім маманы Какетаева Назира марапатталды.

Бұл мереке әлеуметтік сала қызметкерлерінің қоғамдағы рөлін дәріптеп, олардың адамгершілік, қайырымдылық және адал еңбегін еске салды. Қарқаралыдағы әлеуметтік сала мамандары өз кәсібіне адалдық танытып, әрбір азаматтың қиын сәтінде жан-жақты қолдау көрсетуді өмірлік миссия ретінде санайды.

Құрметті әлеуметтік сала қызметкерлері, қажырлы еңбектеріңіз, кең жүректеріңіз, өзгенің қайғысына көз жұмып қарай алмайтын адалдықтыраңыз, ақжүректіліктеріңіз үшін сіздерге мың алғыс.

Диялра АРҒЫН

Ақтерек ауылы сапалы ауызсумен қамтамасыз етілуде

(Соңы. Басы 1-бетте).

Осы жобалардың бірі – Қарқаралы ауданына қарасты Ақтерек ауылы.

Бұрын бұл елді мекенде орталықтандырылған су жүйесі жеткіліксіз болғандықтан, тұрғындар суды ұңғымалар мен құдықтан тасып ішіп келген. Қазіргі таңда ауылда су құбыры тарту жұмыстары жүргізілуде. Жобаның жүзеге асырылуы нәтижесінде Ақтерек ауылының тұрғындары сапалы және қауіпсіз ауызсумен тұрақты түрде қамтамасыз етіледі.

Бұл бастамалар Қарағанды облы-

сының барлық елді мекендерін 100 пайыз ауызсумен қамту стратегиясының бір бөлігі болып табылады. Арнайы мемлекеттік қордың қолдауы арқасында ауыл тұрғындарының тұрмысы жақсарып, елді мекен заманауи инфрақұрылыммен қамтамасыз етіледі.

Ақтерек ауылы бойынша іске асырылып жатқан жобалар ауылдық инфрақұрылымды дамытуға және тұрғындардың күнделікті өмірін жеңілдетуге бағытталған нақты қадам болып отыр.

Меруерт БАЛКЕЕВА



ХАБАРЛАНДЫРУ	ОБЪЯВЛЕНИЕ
«COPPER GROUP LTD» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. 1. Жобаның атауы: «Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданындағы (Бузау кеніші) учаскенің М-43-81-(106-56-3, 4, 8, 9) блоктарында алтын құрамды кендерді тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру мақсатында барлау және тау-кен қазба жұмыстарын жүргізу жоспарына» арналған ықтимал әсерлер туралы есеп. 2. Әсер ету аймағы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы. Жұмыс учаскесінің жалпы ауданы – 8,86 км². Координаттары: 49°58'00" с.е., 76°17'00" ш.б.; 50°00'00" с.е., 76°17'00" ш.б.; 50°00'00" с.е., 76°19'00" ш.б.; 4. 49°58'00" с.е., 76°19'00" ш.б. 3. Қоғамдық тыңдаулар өтетін орны мен уақыты: Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылғы 10 желтоқсан күні сағат 15:00-де өтеді. Өтетін мекенжай: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Нұрмақов ауылдық округі, Өсібай ауылы, "Өсібай ауылының Мәдениет үйі", Нұрмақов көшесі, 6а. 4. Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «COPPER GROUP LTD» ЖШС.Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Көк-Төбе шағын ауданы, Сағадат Нұрмағамбетов көшесі, 91-үй. БСН: 240740009245. Электрондық пошта: tanakulov@mail.ru 5. Жобалық құжаттамамы әзірлеуші: «MININGWELL SOLUTIONS» ЖШС. Мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Ш. Иманбаев көшесі, 2-үй. Телефон: +7 701 531 0511	Электрондық пошта: tulegen.zhakupov@gmail.com 6. Жобалық құжаттамамен https://hearings.ndbecology.gov.kz/ бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ Қарағанды облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтындағы «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады. 7. Жоспарланып отырған қызмет, қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ осы қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін мына мекенжайлар бойынша алуға болады: «COPPER GROUP LTD» ЖШС, Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Көк-Төбе шағын ауданы, Сағадат Нұрмағамбетов көшесі, 91-үй. БСН: 240740009245. Электрондық пошта: tanakulov@mail.ru. Телефон: 8-705-663-15-86 8. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілерден кемінде 3 жұмыс күні бұрын келесі мекенжайларға жолдануы қажет: Электрондық пошта арқылы: ndbecology.gov.kz, expertiza.upr_krg@mail.ru. Пошталық мекенжай: Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Қазыбек би ауданы, Лобода көшесі, 20. 2025 жылғы 10 желтоқсан күні сағат 15:00-де өтетін қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін төмендегі сілтеме арқылы өту қажет: https://us06web.zoom.us/j/88020863217?pwd=VD4vegTT6HcaCORB7V81k1CDBFN Конференция идентификаторы: 880 2086 3217 Қатысу коды: 704786 Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша қызмет бастамашысының телефондарымен хабарласуға болады. Егер аудармада қосымша өзгерістер немесе түсіндірулер қажет болса, хабарласыңыз!

Құттықтаймыз!

Қарқаралы қаласының тұрғыны, аяулы анамыз **Гүлжан Шөкірбекова** 7 қараша күні 75 жасқа келіп отыр. Ардақты анамызды осы мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Сіз – отбасының берекесі, өміріміздің шуағы, жүрегіміздің тірегісіз, жан жылуыңыз бен ақылыңыз, мейіріміңіз бен тәзіміңіз бізге әрдайым үлгі болуда. Бала-шағаңыздың амандығын тілеп, ақ тілеуіңізді арнаған Сізге мың алғыс! Жасыңыз ұзақ, денсаулығыңыз мықты, көңіліңіз шат, жүзіңіз жарқын болсын!

Баршамызға бақытты өмір беріп, Бойымызға орнатқан сенім-берік. Қашан болсын орын ап төрімізден Отырыңыз көркейіп, көңілденіп!

Көсегеміз көгеріп өзіңізбен, Жылылықты сеземіз жүзіңізден. Отбасына мейірбан бола білген, Нұр сәулелі нәп-нәзік жүрегімен!

Құтты болсын бүгінгі мерекеңіз, Сіз бар кезде асқармен теңесеміз. Ұзақ жасап жүргейсіз арамызда, Тарқамасын әрдайым берекеңіз!

Тілек білдіруші: **жары Саулехан, балалары, немерелері.**



ХАБАРЛАНДЫРУ

«ARES PROJEC» ЖШС жобалар бойынша ашық жиналыстар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді:

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданындағы Жалпақшілік учаскесінде, қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына рұқсат етілген шығарындылар нормативтері (РЕШН), қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ), өндірістік – экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЗББ), табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары (ТҚІШЖ). Блоктар: М-43-104-(10г-56-8,9).

Қоғамдық тыңдау 2025 жылғы 12 желтоқсанда сағат 15.00-де Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Талды ауылы әкімдігінің ғимаратында өтеді.

Шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар келесі сілтеме бойынша онлайн-режимде өткізіледі: <https://us05web.zoom.us/j/86886113250?pwd=7wCb59WbhUtllySMBge63CQsx6be6Ju.1>

Конференция идентификаторы: 868 8611 3250

Кіру коды: 6z8PNL

Бастамашының деректемелері мен байланыс деректері: «ARES PROJECT» ЖШС, Астана қ., Төлеби к-сі, 18 ұй, 61 пәтер, тел: 8 778 141 11 11.

Құжаттаманы әзірлеушінің байланыс деректері: "BLT PROJECT" ЖШС, Астана қ., Қабанбай Батыр даңғылы, 49 а үй, тел: 8 701 797 3833.

Жобалық құжаттама пакетімен ақпараттық жүйе порталында танысуға болады: <https://ndbecology.gov.kz/> «Жарияланған ашық жиналыстар» бөлімінде және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында – «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «ARES PROJECT» проводит общественные слушания в форме открытых собраний по проектам:

Нормативы допустимых выбросов (НДВ), Программа управления отходами (ПУО), Программа производственно – экологического контроля (ПЭК), План природоохранных мероприятий (ППМ) к Плану разведки твердых полезных ископаемых) на участке Жалпақшилик в Каркаралинском районе Карагандинской области Блоки: М-43-104-(10г-56-8,9).

Общественные слушания состоятся 12 декабря 2025 года в 15.00 по адресу: здание акимата с. Талды, Каркаралинский район, Карагандинской области.

В случае введения ограничительных мероприятий, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме по следующей ссылке: <https://us05web.zoom.us/j/86886113250?pwd=7wCb59WbhUtllySMBge63CQsx6be6Ju.1>

Идентификатор конференции: 868 8611 3250

Код доступа: 6z8PNL

Реквизиты и контактные данные инициатора: ТОО «ARES PROJECT», г.Астана, ул. Төлеби, д. 18, кв.61, тел:8 778 141 11 11.

Контактные данные разработчика документации: ТОО «BLT PROJECT», г. Астана, пр. Қабанбай Батыр, дом 49А, тел: 8 701 797 3833

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале Информационной системы: <https://ndbecology.gov.kz/> в разделе «Опубликованные открытые собрания» и на официальном интернет-ресурсе местного исполнительного органа – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области».

САПАЛЫ ПЛАСТИК
ТЕРЕЗЕЛЕР
ҚАРАҒАНДЫ БАҒАСЫМЕН!

- Кепілдік
- Сервис
- Жеткізу

Мекен-жайымыз:
Қарағанды қаласы,
Бұқар-Жырау
даңғылы 119,
2 этаж, кабинет 5

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫ
8 747 216 09 09

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қарқаралы ауданының жұмыс берушілеріне еңбек шарттарын «Еңбек шарттарының бірыңғай есеп жүйесіне» уақтылы енгізудің маңыздылығы еске салынады

Еңбек қатынастарындағы ашықтық – азаматтардың әлеуметтік қорғалу кепілі.

Елімізде еңбек саласын цифрландыру белсенді түрде дамып келеді. Осы үдерістің негізгі құралдарының бірі – Еңбек шарттарының бірыңғай есеп жүйесі (ЕШБЕЖ). Бұл жүйе жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы еңбек қатынастарын ашық жүргізуді қамтамасыз етіп, азаматтардың әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыру мақсатында құрылған.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 23-бабының 27-тармағына сәйкес, әрбір жұмыс беруші ЕШБЕ жүйесіне келесі мәліметтерді енгізуге міндетті:

еңбек шартының жасалғаны туралы;
оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы;
еңбек шартының тоқтатылғаны туралы.

Мәліметтерді enbek.kz электрондық порталы немесе интеграцияланған кадрлық жүйелер арқылы енгізуге болады. Жұмыс беруші еңбек шартын қағаз түрінде де, электронды форматта да жасай алады, алайда деректерді ЕШБЕ жүйесіне енгізу – заңмен белгіленген міндетті талап болып табылады.

ЕШБЕ жүйесіне деректерді уақтылы енгізу – еңбек қатынастарының ашықтығы мен әділдігінің кепілі. Барлық Қарқаралы ауданының жұмыс берушілерін enbek.kz порталын белсенді пайдалануға және заң талаптарын орындауға шақырамыз.

Қарқаралы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Аудан тұрғындарының назарына!

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақылар алушылар (зейнетақылар, мүгедектік бойынша жәрдемақылар және т.б.) төлемдерді өздерінің тіркелген жері (мекенжайы) бойынша алуға міндетті.

Егер сіз Қарқаралы ауданынан ныс жерде тіркелген болсаңыз, бірақ төлемдерді осы жерде алып жүрсеңіз, зейнетақыңызды, жәрдемақыңызды тіркелген жеріңіз (мекенжайыңыз) бойынша аудартуыңыз қажет.

Ол үшін тіркелген жеріңіз (мекенжайыңыз) бойынша Халыққа қызмет көрсету орталығына өтініш беріп, қажетті құжаттарды (жеке куәлік, банктен 20-сандық шотқа хабарлама) тапсыру қажет.

Толық ақпарат алу үшін жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне 8/72146/32899 телефоны бойынша хабарласуға болады.

Қарқаралы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

ОБЪЯВЛЕНИЕ

К сведению жителей района!

В соответствии с действующим законодательством, все получатели социальных выплат и пособий (пенсий, пособий по инвалидности и др.) обязаны получать выплаты по месту своей регистрации (прописки).

Если вы зарегистрированы вне Каркаралинского района, но получаете пособия здесь, вам необходимо перевести получение выплат по месту вашей прописки.

Для этого следует подать заявление и предоставить соответствующие документы (удостоверение личности, уведомление на 20-значный счет с банка) в Центр обслуживания населения по месту своей регистрации (прописки).

Для получения полной информации можете обратиться Отдел занятости и социальных программ по телефону 8/72146/32899.

Отдел занятости и социальных программ Каркаралинского района

ЕСКЕ АЛУ

Қарқаралы қаласының тұрғыны, асқар тау әкеміз, Ұлы Отан соғысының ардагері, ұлағатты ұстаз **Ахметбек Түсіповтің** қайтыс болғанына 16 қазанда 30, анамыз **Көкен (Кұлқайыр) Әзімханованың** қайтыс болғанына 19, ал қымбатты бауырларымыз ауған соғысының ардагері Талғатбектің қайтыс болғанына 27, Мұратбек пен Беріктің, келініміз Сембаева Айнагүлдің қайтыс болғанына 16 жыл толып отыр. Келініміз Атжанқызы Дариконың қайтыс болғанына 13 қарашада 5 жыл толмақ.

Әкеміз жастайынан жетім қалып, ашаршылық нәубетін көрген, соғысқа қатысқан қайсар да, қажырлы тұлға еді. Соғыстан кейін аман-есен елге оралып, Қарқаралы қаласындағы педучилищені бітіріп, зейнетке шыққанға дейін аудан мектептерінде ұстаздық етті.

Ата-анамыз 10 бала тәрбиелеп өсірді. Кенже бауырымыз, қарашаңырақтың иесі Бекзаттың қайтыс болғанына 8 қарашада 1 жыл болады.

Бекзат бауырымыз Қарқаралы қаласындағы «Құнанбай қажы» мен Қарағайлы кентіндегі мешітінде наиб имам, имам қызметтерін атқарып, жамағатты имандылыққа, ізгілікке тәрбиелеуде нағыз дін шырақшысы болып, халықтың ыстық ықыласына бөлене білді.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» – демекші, бауырларымыздың артында қалған балалары мен немерелері көңілге демеу.

Бізге қымбат жандардың жарқын бейнесі мәңгі жадымызда. Жатқан жерлері жайлы, топырақтары торқа болсын!

Құрметті ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жарандар мен барша жамағат! Түсіпов Бекзат Ахметбекұлының қайтыс болғанына бір жыл толуына орай берілетін ас 2025 жылдың 08 қарашасы күні сағат 13.00-де Қарқаралы қаласындағы «Аңсар» хатымханасында өтеді.

Еске алушылар: **Түсіповтер әулеті**

Азамат БАЙЖАНОВ КАЛДЫБЕК МУХАМЕДОВИЧ 01.06.2025 жылы қайтыс болғандықтан, мұрагерлік іс ашылды. Барлық мүдделі адамдарға: (КТ «Қарқаралы» ғимаратында орналасқан) мекен-жай бойынша нотариус Ж.Рахимоваға хабарласуларыңыз сұралады. Телефон: 8 /72146/ 33016, 8 701 487 99 54.

Азамат АКАТАЕВ ТОЛЕУ АКАТАЕВИЧ 01.03.2023 жылы қайтыс болғандықтан, мұрагерлік іс ашылды. Барлық мүдделі адамдарға: (КТ «Қарқаралы» ғимаратында орналасқан) мекен-жай бойынша нотариус Ж.Рахимоваға хабарласуларыңыз сұралады. Телефон: 8 /72146/ 33016, 8 701 487 99 54.

ЕСКЕ АЛУ

Зымыраған өмір – көзді ашып-жұмғанша өте шығатын қысқа ғұмыр. Кеше ғана ортамызда жүрген асыл жар, ардақты әке, немерелерінің сүйікті атасы, адал дос, Қарқаралы қаласының тумасы **Кәмел БАЙМАҒАНБЕТҰЛЫ-НЫҢ** бұл фәниден бақиға аттанғанына 8 қараша күні қырық күн толады.

Отбасымыздың тірегі болған әкеміздің орны ойсырап, жүректерімізде үлкен сағыныш пен өкініш қалдырды. Ол кісі біртоға, сабырлы, бауырмал, жүрегі мейірімге толы жан еді. Немерелерін еркелетіп, келіндерін өз қызындай жақсы көретін. Жанұясының шырағын жағып, баршамызға пана болған, сөзге тоқтаған, кісілік пен адамдықтың өлшемін көрсеткен абзал азамат еді.

Әкеміздің жарқын бейнесі, ақылға толы сөзі, қамқор мінезі – мәңгі жүрегімізде сақталады. Біз үшін ол әрдайым асқар тау, тірегіміз, ақылшымыз болып қала береді. Сағынамыз, еске аламыз. Алланың ісіне шара бар ма, сабырмен қабылдаймыз. Тәңірім нұрын жаудырып, мәңгілік мекенін жәннаттан қылғай. Оқылған дұғалар, тілеген тілектер әкеміздің рухына жетіп, қабірі нұрға толсын.

Бәйтеректей әулетке сая болған, Мейірімін ешкімнен аямай өткен жан. Жәннатта жаның болсын, рухың биік, Өзіңдей адам қайда – аяулы ардақ жан.

Марқұмның қырық күндік асы 8 қараша күні сағат 13:00-де «Сарыарқа» кафесінде өтеді.

Еске алушылар: **туған-туыстары, балалары, немерелері.**



ЕСКЕ АЛУ

Қарқаралы ауданының Бақты кеншарының тумасы, өмірінің соңғы жылдарын Қарағанды қаласында өткізген, халқының қадірлісі, ағайын-туысына, елжұртына сыйлы болған ардақты анамыз – **Ләззат СҮЛЕЙМЕНҚЫЗЫНЫҢ** ортамыздан кеткеніне жеті күн толып отыр.

81 жасқа қараған шағында аяулы анамыз мәңгілік сапарына аттанды. Өмір жолында сабыр мен парасаттың, еңбек пен ізгіліктің жарқын үлгісін көрсеткен ұлағатты жан еді.

Орта мектепті тәмамдаған соң, өмірлік серігі Әбілдаұлы Аманжолмен шаңырақ көтеріп, өнегелі отбасының берекесін кіргізді. Екеуі алты баланы – екі ұл мен төрт қызды тәрбиелеп өсірді. Балаларына білім беріп, отау құрып, елге сыйлы азамат етіп өсірді. Қуанышын жалғаған ұрпағы бүгінде 12 немере, 15 шөбере сүйіп, үлкен әулетке айналды.

Анамыз өмір бойы халық ағарту саласында абыройлы еңбек етті. 1964 жылдан 1967 жылға дейін Талдыбай бөлімшесінде кітапхана меңгерушісі болып қызмет атқарды. Ал 1967 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін Бақты кеншарының №21 мектебінде кітапхананың меңгерушісі болды. Өз ісіне адал, жауапкершілігі мол, кітап пен білімнің қадірін терең түсінген жан еді. Еңбек жолындағы табандылығы мен тиянақтылығы үшін аудандық білім бөлімінің мақтау қағаздары мен құрмет грамоталарына ие болды.

Қайран ана, сенің орның ойсырап қалды. Сенің сабыр мен парасатқа толы мінезің, маңғаз келбетің, ақыл мен байыппен сөйлейтінің, кең пейілің мен мейірімге толы жүрегің – бәрі де біз үшін мәңгілік өнеге. Сенің өмірің бізге адамдықтың, ізгіліктің, адал еңбектің мәнін ұқтырды.

Алла Тағала өз панасына алып, нұрыңды жарық, мекеніңді жәннаттан етсін. Рухың шат, иманың жолдас болсын, асыл ана!

Еске алушылар: **жолдасы – Аманжол, балалары, немерелері мен шөберелері.**



ЕСКЕ АЛУ

Қарқаралы қаласының тумасы, әулеттің панасы болған аяулы анамыз, ардақты әкеміз **Күлен ШАЙКЕНҚЫЗЫНЫҢ** бақилық болғанына 1 жыл. Бізге жарық өмірді сыйға тартып, кең дүниенің есігін ашқан, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай тәрбиелеп өсіріп жеткізген ғазиз жан анамызды сағына еске аламыз! Жыл өтсе де асыл әже, аяулы анамыздың ардақты бейнесі әрдайым жүрегімізде. Анамыздың жатқан жері жайлы, жаны жәннатта, төні рахатта болып, қабіріне тек Алланың нұры жаусын деп дұға бағыштаймыз.

Жаныңнан бір еліге тастамаған, Әжетай, жоқ өзіңнен асқан адам. Сағынып нұр жүзіңді оңашада, Мұңайып, жанарымды жасқа малам.

Жан әжем, жатқан жерің болсын Жарық, Сағыныш жүрегімде жатыр жанып. «Ақ әжем сексен беске толды ғой!» деп, Келер ем тірі болсаң гүлімді алып.

Сен едің ең қымбаттым бұл жалғанда, Көңдім ғой әрең тағдыр салғанына. Көзіме ып-ыстық боп жас келеді, Әжетай өзіңді іздеп, еске алғанда.

Асыл әже, аяулы анамыз Күлен Шайкенқызының 1 жылдық асы желтоқсан айының 6 күні сағат 13.00-де Қарқаралы қаласы «Аңсар» хатым-ханасында өтеді.

Сағына еске алушылар: **балалары, немерелері, жиендері.**



Біздің электрондық поштамыз:
Karkaraly_TOO@mail.ru

Қарқаралы аудандық білім бөлімі мен білім беру қызметкерлері кәсіподақ комитеті және Қарқаралы қаласының академик Орынбек Жәутіков атындағы №1 ЖББ мектебі ұжымы осы мектептің мұғалімі Исабекова Мадина Мергазиевнаға анасы **Рымбаланың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтаса отырып көңіл айтады.

Руханият

Киелі еңбектен қуат алған

Мамандық таңдау – әр адамның өміріндегі ең жауапты әрі тағдырлы шешімдердің бірі. Әр сала өз ерекшелігімен, өз қиындығы мен қызығымен дараланады. Солардың ішінде ерекше нәзіктік пен рухани байлықты қажет ететін, ұлттың рухани дамуына қызмет ететін бір мамандық бар. Ол – кітапханашы мамандығы.

Кітапханашы – қоғамның мәдени және рухани айнасы. Ол – оқырман мен кітап арасындағы алтын көпір. Кітаптың қадірін білетін, рухани қазынамызды көздің қарашығындай сақтап, халық игілігіне ұсынатын бұл маман иелері – нағыз мәдениет майталмандары. Кітапханашылардың еңбегі көзге көрінбегенімен, елдің өркениеттік дамуына, ұлттың рухани деңгейінің өсуіне қосқан үлесі орасан зор.

Кітапхана бүгінде тек кітап оқитын орын ғана емес, ол – ақпарат пен білім орталығы. Заманауи технологиялар дамыған дәуірде де кітапханашының қызметі өз мәнін жоғалтқан жоқ. Керісінше, ол жаңа бағытта, жаңа мазмұнда дамып келеді.

Кітапханашылар ақпаратты іріктеу, оқырманның сұранысына сай бағыт беру, оқу мәдениетін қалыптастыру, жас ұрпақтың кітапқа деген қызығушылығын арттыру сияқты маңызды міндеттерді атқарады.

Осындай қадірлі мамандық иелерінің бірі – Абай ауылының кітапханашысы Ботабекова Бақыт Рымбекқызы. Ол 1975 жылдың 1 шілдесінде дүниеге келген. 1992–1995 жылдары Қарағанды кездесулер ұйымдастырып келеді.

Соның бірі – биыл, 8 қазанда өткен Абайдың 180 жылдығына арналған аудандық «Абай оқулары». Бұл шараға арнайы шақырылған қонақтар мен әділқазылар алқасы жоғары баға беріп, ұйымдастыру деңгейін ерекше атап өтті.

Кітап әлеміне деген сүйіспеншілігі мен рухани байлығына деген құрметі Бақыт Рымбекқызын осы мамандыққа жетеледі. Өзінің айтуынша, кітапқа деген махаббат бала кезінен басталған.

«Бала күнімде ата-анамның үйінде шағын кітапханамыз болатын. Кешкісін сол кітаптардың арасында отырып, жаңа әлемге саяхат жасағандай күй кешетінмін. Сол кезде-ақ кітапханашы болуды армандадым. Бұл – менің жүрегімнің қалауы», – дейді ол.

Бүгінде Бақыт Рымбекқызы отбасылы, жұбайы екеуі төрт баланы тәрбиелеп, екі немеренің сүйікті әжесі атанып отыр. Отбасындағы жылылық пен сүйіспеншілікті еңбек орнында да сезіндіре білген ол – көпшілік құрметтейтін, өз ісіне берілген жан.

Кітапханашының еңбегі – ұлт болашағына салынған инвестиция. Өйткені, рухани бай, білімді, ізденімпаз ұрпақ – елдің ертеңі. Осындай асыл мамандық иелерін құрметтеу – баршамыздың парызымыз.

Кітапханашы болу – тек кітапты сақтау емес, ол – халықтың жүрегіне жол табу, білім мен парасаттың шамшырағын жағу. Абай ауылының кітапханашысы Бақыт Рымбекқызы – осы ізгі миссияны абыроймен атқарып жүрген, өз ісіне адал, елінің рухани дамуына үлес қосып жүрген нағыз кітапханашылардың бірі.

Меруерт БАЛКЕЕВА

Рух пен жігер

Жерлесіміз ел намысын абыроймен қорғады

Республика күні қарсаңында Қарағанды облысында халықты әлеуметтік қорғау саласындағы дәстүрлі сыйлықтар табысталды. Бұл игілікті шара қоғамның ерекше тобына жататын азаматтардың еңбегі мен өмірге деген жігерін, табандылығын дәріптеуді мақсат етті.

Сол марапат иелерінің қатарында Қарқаралы ауданының тумасы, тоғызқұмалақтан әлемдік деңгейде ел намысын қорғап жүрген Үмітқалиев Дастан Берікұлы да бар.

Ол облыс әкімінің «Белсенді өмірді насихаттағаны үшін» номинациясымен марапатталды.

Жақында ғана Монголияда өткен ерекше жандар арасындағы тоғызқұмалақтан Әлем чемпионатында Дастан қола медаль иеленіп, Қазақстанның көк байрағын биікте желбіретті. Бұл жеңіс – оның ұзақ жылдық еңбегінің, табандылығы мен рухының жемісі.

Дастан Үмітқалиев – Қарқаралы ауданы Егіндібұлақ ауылында дүниеге келген. О.Жәутіков атындағы қазақ орта мектебін тәмамдап, өмір жолын спорт саласымен байланыстырды. Алайда 2012 жылы жол апатына ұшырап, үшінші топтағы мүгедектікке шалдыққан.

Дегенмен өмірге құштар, алға ұмтылған жас жігіт қиындыққа мойымай, 2021 жылы Академик Ө.Қуатбеков атындағы Халықаралық достық университетін аяқтап, дене шынықтыру және спорт пәнінің мұғалімі мамандығын иеленді.

Бала кезінен тоғызқұмалаққа қызығып, үшінші сыныптан бастап бұл спорт түрімен шұғылданған. Оның алғашқы жаттықтырушысы – Бүркіт Бейсенаев. Қазір ол тоғызқұмалақтан спорт шеберлігіне үміткер, облыстық «Сарыарқа»

ұлттық фестивалінің, ерекше жандар арасындағы облыстық спартакиаданың бірнеше дүркін жеңімпазы.

2017 жылдан бері жеке кәсіпкерлікпен айналысып, спорттық және әлеуметтік іс-шараларға белсене қатысып келеді.

Тоғызқұмалақтан аудандық, облыстық, республикалық жарыстардың жүлдегері атанып, облыстық құрама командасының белсенді мүшесі ретінде ел абыройын асқақтатып жүр.

Дастанның өмір жолы – ерік пен еңбектің, жігер мен сенімнің айғағы. Ол өз табандылығы мен қайсарлығымен ерекше жандарға үлгі болып, қоғамда белсенді өмір салтын насихаттауда.

– Ел намысын қорғау – мен үшін ең үлкен мәртебе. Тоғызқұмалақ – ой ұшқырлығын, сабыр мен төзімділікті талап ететін ұлттық мұрамыз.

Осы спорт арқылы халқымыздың даналығын әлемге танытқым келеді, – дейді Дастан Берікұлы. Республика күні қарсаңында марапат иелерінің қатарынан көрінген жерлесіміздің жетістігі – Қарқаралы өңірі үшін де үлкен мақтанш.

Меруерт БАЛКЕЕВА

Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз!

Татандықтардың тамаша саябағы

Еліміз бойынша қолға алынған «Таза Қазақстан» акциясы бойынша Қарқаралы ауданында да елді мекендерді күл-қоқыстардан тазарту және кеғалдандыру, саябақтар мен гүлзарлар қатарын көбейту үшін айтарлықтай жұмыстар атқарылуда. Соның бірі Республика күні қарсаңында пайдалануға берілген Татан аулындағы саябақ.

Татан аулы бұрынғы «Еңбек» совхозының орталығы. Қоңыртемшірі тауының шығыс беткейіндегі ауыл табиғаты көркем жерде орналасқан.

Бұл елді мекендегі саябақ ерте кеш дәуірінде салынып, ұзақ уақыт пайдаланудың салдарынан тозыңқырап кеткен еді. Ауыл тұрғындарының демалыс орнына айналған мәдени-көпшілік орын көпшіліктің тілегі бойынша жөндеуден өтті. Оның ашылуына орай ұйымдастырылған салтанатты іс-шарада еліміздің көк байрағы көтеріліп, мерекеге

жиналғандар мемлекеттік Әнұранды асқақтата шырқады. Жергілікті мектептің өнерпаз оқушылары әзірлеген концерттік бағдарлама қонақтарды қуаныш пен шаттыққа бөледі. Мерекелік шара барысында жиналғандарға ауыл ақсақалдары бата беріп, ақ жаулықты әжелер шашу шашты.

Сөз реті келгенде атап көрсету керек, саябаққа жөндеу жұмыстарын жүргізген мердігер «Амал құрылыс» кәсіпорнының жұмысшылары.

Өз тілшімізден



Мейірімді жан

Жайна – адалдық пен ізгілік үлгісі



Әлеуметтік сала – жүрегі мейірімге толы, адамдарға жанашырлықпен қарау қабілетін қажет ететін жауапты кәсіп. Сол салада отыз жылдан астам уақыт бойы адал еңбек етіп, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қамқорлық көрсетіп келе жатқан Жайна Рахимжанова – нағыз үлгілі маман.

Жайна Рахимжанова1971

жылы 25 тамызда Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылында дүниеге келген. Балалық шағы мен алғашқы білімі осы ауылда өтті: 1979-1988 жылдары Қазақ орта мектебінде білім алып, еңбек жолын 1990-1995 жылдары Қызыларай емдеу амбулаториясында санитарка ретінде бастаған. Сол уақыттан бастап адамға қызмет көрсету – оның өмірлік миссиясына айналды.

Кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында Жайна Кадировна 2017-2019 жылдары Қарағанды банк колледжінің «Әлеуметтік жұмыс кәсібі» мамандығын тәмамдап, білімін тәжірибесімен ұштастырды. 1995 жылдан бері «Қарқаралы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-не қарасты жалғыз басты қарттар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесінде қызмет етіп келеді.

Жайна Рахимжанова – әріптестері арасында ерекше сыйлы, мейірімді және ұқыпты маман ретінде танылған адам. Ол бірнеше рет аудан әкімінің алғыс хаттарымен, құрмет грамоталарымен марапатталған. Қызмет алушылардың алғысы мен жылы сөздері – оның ең үлкен марапаты. Әріптестеріне тәжірибесі мен білімін бөлісуден ешқашан жалықпайды, жаңадан келген мамандар үшін ол – тәжірибе мектебі, нағыз үлгі.

Отыз жыл бойы әлеуметтік салада қажымай қызмет етіп келе жатқан Жайна Кадировна – адалдықтың, жауапкершіліктің және ізгіліктің символы. Оның сабырлы мінезі, мейірімді жүрегі және еңбекқорлығы көптеген адамдар үшін шабыт көзі. Мұқтаж жандарға көрсеткен қамқорлығы мен қолдауы үшін біз Жайна апайға шын жүректен алғыс айтамыз.

Жайна Кадировна сияқты адамдар қоғам үшін нағыз алтын қазына, ал олардың ісі – баршаға үлгі.

Диляра АРҒЫН

«Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы»
ЖШС Директоры –
Бас редактор
Құрманғазы ӨТЕБАЙ

100800 Қарқаралы қаласы, Ө.Бекейханов к., 40 үй
Бас редактор – 31-3-50 (факс)
Қабылдау бөлімі – 31-7-84, 8-775-548-35-23
Бухгалтерия – 31-4-56
E-mail: karkaraly_too@mail.ru
Біздің есепшотымыз:
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қарағанды қаласы,
ИИК KZ326010191000161842,
БИК HSBKZZKX БИН 990940002210

Газет жергілікті
«Қарқаралы» газеті
редакциясы баспаханасында
теріліп, беттеліп,
Қарағанды қаласындағы
«Арқо» ЖШС
(Сәтбаев к., 15)
баспаханасында басылды.

Меншік иесі: «Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
Құрылтайшысы: Жұмаханова Г.С.
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 01.09.2001, 2280-Г
Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті"
республикалық мемлекеттік мекемесінде 2025 жылдың 9 қаңтарында № KZ23VPY00109516
қайта есепке қою куәлігімен тіркелген.

Автордың пікірі редакцияның
көзқарасымен сәйкес келе бермейді.

Газет сенбі сайын шығады. Көлемі 2 баспа табақ,
Индекс 65626. Таралымы 2500. Тапсырыс 43